

СБОРНИК СТАТЕЙ

**Международной научно-практической
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,
посвященной 25-летию со дня основания
Евразийского национального университета
имени Л.Н. Гумилёва**

25-26 февраля 2021 года



г. Нур-Султан, 2021



СБОРНИК СТАТЕЙ
Международной научно-практической
конференции молодых ученых
«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ
XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

25-26 февраля 2021 года

г. Нур-Султан, 2021

УДК 80/81

ББК 81.2

Н90

Рецензенты: И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали

Члены редколлегии: д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

Н-90 «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

IBSN 978-601-337-505-2

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

IBSN 978-601-337-505-2

УДК 80/81

ББК 81.2

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

7. <https://yandex.com/company/blog/one-model-is-better-than-two-yu-yandex-translate-launches-a-hybrid-machine-translation-system/>
8. <https://100kitap.kz/kz>
9. Pinker Steven. The Language Instinct. – New York: First HarperPerrenial edition, 1995. — 435 p.
10. Пинкер Стивен. Тіл – инстинкт. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 386 б.
11. <https://www.merriam-webster.com/dictionary/the%20natural%20world>
12. https://www.macmillandictionary.com/dictionary/british/fringe_1

Аңдатпа: Осы мақалада жазбаша мәтіннің Google және Яндекс аударма жүйелерімен қазақ тіліне аударылуы қарастырылады. Шыққан қазақша нұсқалары кәсіби аудармашылармен «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша орындалған Стивен Пинкердің «Тіл – инстинкт» оқулығының аудармасымен салыстырылады. Екі түрлі машиналық аударма жүйесінің жұмыс сапасы мен аударма ісіндегі әлеуеті бағаланады.

Түйін сөздер: жазбаша аударма, статистикалық машиналық аударма, гибридіті машиналық аударма, нейронды машиналық аударма, 100 жаңа оқулық.

Аннотация: В этой статье рассматривается перевод письменного текста на казахский язык с помощью систем машинного перевода Google и Яндекс. Произведенные тексты на казахском сравниваются с переводом учебника Стивена Пинкера «Язык как инстинкт» выполненным профессиональными переводчиками по программе «100 новых учебников» на казахском языке. Оценивается качество работы двух разных систем машинного перевода в Переводческом деле, а так же потенциал в Переводческом деле.

Ключевые слова: письменный перевод, статистический машинный перевод, гибридный машинный перевод, нейронный машинный перевод, 100 новых учебников на казахском языке.

TRANSLATION OF WRITTEN TEXTS INTO KAZAKH THROUGH GOOGLE AND YANDEX MACHINE TRANSLATION SYSTEMS

Tazhiyeva D.B.

undergraduate 1 year of study

ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abstract: The article considers translation of a written text into Kazakh through Google and Yandex machine translation systems. The Kazakh texts produced are compared to the translation of Steven Pinker's «The Language Instinct» textbook made by professional translators of the «100 New Textbooks» project. The quality of work of two different machine translation systems and their potential in Translation Studies are evaluated.

Keywords: written translation, statistical machine translation, hybrid machine translation, neural machine translation, 100 New Textbooks.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАҢҚТЫ ЖЫРАУЫ ҚОЖАБЕРГЕН

Даулетхан Құралай

Kura.505@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекшісі - Байтанасова Қ.М. Нұр-Сұлтан қ.

ф.ғ.к., профессоры

Қазақ хандығының құрылуы мен оның дербес мемлекет болып, алысқа айбар, жақынға сұс болып қалыптасуына елеулі үлес қосқан даңқты билеушілер мен абыз, би-шешендердің қатарында Қожаберген Толыбайсыншыұлы да бар.

«Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» - деген зарлы әнді тыңдай бастағаннан-ақ әр қазақтың жүрегін елжіретіп, сай- сүйегімізді сырқыратар күй кешеміз. Қожаберген сол 1680-1710 жылдар аралығында ел басына күн туған нәубет заманда алты алаштың аруағын көтерген қаһарман қолбасшы, сол тарихтың тірі куәгері, оны «Елім-айлап» ұрпаққа жеткізуші жырау.

Жырау бабамыз жайлы тарихшы Ермұхан Бекмаханов, Манаш Қозыбаев сияқты ғалымдарымыз, Бұқар жырау Қалқаманұлы, Ыбырай Алтынсарин, Бауыржан Момышұлы сынды біртуар азаматтарымыз шегелеп жазған болатын.

Қожаберген жыраудың көзіндей болған «Елім-ай» тарихи дастанын жоғары бағалаған қазақтың халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлы бабамыз: «Керей Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры - әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?», - деп баға берген болатын.

Ұлтымыздың көрнекті ғалымы, тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханов: «Көшебе керей Қожаберген ақын Толыбайсыншыұлының «Елім-ай» дастаны – тарихи эпопеялық жыр. Әрі сол «Елім-ай» ерлік хиссасының бірінші бөлімі – 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен бірден-бір тарихи құжат!» – деген тұжырымын айтады. Осы мазмұндас пікірлерді академик Әлкей Марғұлан, академик Ақай Нүсіпбековтер де айтқан болатын.

Ол өз заманында әділ билеуші Хан Абылайдың замандасы және қазақ елінің ең алғашқы тарихи заңды құжаттарының бірі «Жеті Жарғыны» Әз Тәуке хан мен бірігіп жүйелеген тарихи тұлға. Дала заңы «Жеті Жарғыны» жазуға атсалысуы оның қайраткерлік қасиетін айқындайды:

Әз Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті Жарғыны».

Салыстырып талдадым,

Бергі менен арғыны, - деген жолдардан-ақ оның тек жырау ғана емес, саяси қайраткер болғанын көреміз.

Қожаберген бабамыздың әкесі Толыбай сыншы Дәуленұлы да исі қазаққа танымал адам болған.

Ол өз заманында атақты сыншы болған. Адамды, жылқыны, құсты, итті басқа да жан-жануарларды, гауһарды, маржан тастарды, қару-жарақты тағы басқа нәрселерді сынап білген. Толыбайға сыншы деген атақты қазақ, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, татар, ноғай халықтары берген. Оның Қарабас есімді баласы сыншылық өнерінің арқасында тұтқында отырған жерінен үш рет құтылып, аман қалған. Қожаберген бала кезінен-ақ өзіне дейінгі ақын-жырауларының өлең-жырларын, қисса-дастандарын, шығыстың жеті жұлдызы атанған шайырлары Жәми, Сағди, Фирдоуси, Низами, Рудаки, Физули, Науаи шығармаларын медреседе оқып жүргенде жаттап алған. Сонымен қатар ол ертеде өткен Рашид ад-Дин, Мырза Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири және өзінен аз бұрын өткен Әбілғазы баһадүр сияқты білімпаздардың қалдырған шежірелерін түгелдей оқып тауысқан.

Шығыс ғұламаларының еңбектерімен жастай сусындаған Қожаберген қазақ халқының шығу тарихын жырға қосып, «Ата-тек» деген дастанын шығарды. Бұл дастанды жазуда Қожаберген қазақ халқын Оғыз түріктерінен шығарып жазған. Түріктен тараған ел тоғыз дейді, Тартатын күй аспабы – қобыз дейді. Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ, Төртеуін шежірешілер Оғыз дейді.

Тарихта қазақ-қалмақ соғыстары XIV ғасырда басталып, 1771 жылға дейін созылғаны белгілі. Қожаберген – сол тарихтың тірі куәгері ретінде бізге жарты ғасырды қамтитын азаттық соғысты суреттейтін шығарманың авторы ретінде белгілі. Осындай қиын-қыстау заманда әйгілі қолбасшы, жылдар бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының әскер жасағын басқарып, ордабасы-баһадүр атанған. Батырлығымен қатар жыршылық қабілетін танытатын қазақ халқының қабырғасы қайысқан заманында мұңын тарқатып, ұлттық гимнге айналған «Елім-ай» әні бір төбе.

Ең алдымен «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» не екенін айта кеткенім жөн болар. Зерттеуші-тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев 1723 жылғы ұлы дүрбелең кезеңді былайша суреттейді: «Қалмақтар шабуылы кезінде халық ел-жұртын тастап, жанынан, малынан, жерінен айырылып, босып кетті. Осы босқындарды «Ақтабан шұбырынды» деп атаған. Сол кезеңде халық Сырдария өзеніне беттеп ағылады. Ол өзеннің екі қанатында Алқакөл деген көл бар. Екеуі де жаудан құтылуға қолайлы жер болған. Жан ұшырып, жан сауғалап Сыр бойына құлап жығылады халық. Мұны халық «Алқакөл сұлама» дейді». М.Тынышбаевтың айтуынша, Сыр бойына қашқандар көп қырылады, ал Қаратаудан бері Ұлытауға, Торғай, Солтүстікке кеткендері көп шығынға ұшырамайды екен. Міне, осы құбылысты Қожаберген жырау өзінің дастанында бастан-аяқ суреттейді.

Жырда бабамыздың ата-тегі, үрім-бұтағынан бастап, өскен ортасы, халықтың әлеуметтік жай-күйі, ұзаққа созылған қазақ-қалмақ соғысы болған тарихи дәуірді толықтай дерлік суреттейді. «Елім-ай» дастанында тұлғатануға қатысты шежірелік – деректемелер, жер-су, ру-тайпа сияқты географиялық атаулар көп кездеседі. Жыраудың бұл көркемдік әдісі келешек ұрпаққа тарихи шындық толық жетсін деген ниеттен туындаған болса керек.

Сонымен қатар, “Елім-ай” жырында 1723 жылғы үлкен апат тек өзінің туған халқы қазаққа ғана емес, туысқан көрші Ноғай, Қарақалпақ, Қырғыз, Шалабай Башқұрттары, Сібір Татары халықтарына да кенеттен келген зор қауіп екенін ашық та дәлелді түрде баяндап өтеді. Әрине, бұл жағдайды екінің бірі біле бермеуі мүмкін.

«Елім-ай» дастанында – автор егіліп те, төгіліп те жырлайды, бірде Жоңғар империясының гүлденіп, дәуірлеп, күшею себептерін тарихи тұрғыдан жырласа, бірде бүгінгіге қайғырып, болашақты ойлап, өзінің философиялық ой-толғамдарымен орағыта жырлайды. Осы «Елім-ай» дастанын шығарғанда оның:

Жұртымнан неге аяйын өнерімді,
Жоғалтпан тірі жүріп бедерімді.
Халқымның ауыр халін баян етіп,
Бастайын «Елім-ай»деп өлеңімді.
Айтылар көптің мұңы болса жиын,
Ондайда ер сөзіне болар түйін.

Шығарған осы жырмен қоса қабат

Аталсын «Елім-ай» деп ән мен күйім, - деген сөздері де бар.

Бірақ осыған қарамай, әлі күнге дейін кейбір өнертанушыларымыз, әншілер, баспагерлер «Елім-ай» әнін «халық әні» деп айтып жүр. Кез келген халық әнінің өз авторы болады. Халық өздігінен бірлесіп ән шығармайтыны белгілі.

Жырда елдің мұң-шері ғана емес, дұшпанының табасына қалмайтын елді біріктіретін ұлттық мүдде, үш жүздің басын қосатын, шешен-билер сайлайтын, көрші елдермен жауласу үшін емес, тіл табыстыратын ұлттық идея жатыр. Бұдан бөлек «Баба тілі» дастаны, «Қойлыбай Көреген», «Ақсауыт», «Қарғыс атқан қалмақ - ай» секілді

жыр-дастандарының бәрі тұмса тарихтың қойнауынан құнды деректі суырып алуға сұранып тұрған қазыналар.

Тәуелсіздік алғанға дейін Қожаберген жырау туралы мәліметтер әдебиеттердің біріне енсе, екіншісінде ұмыт қалып келді. Мәселен, Қожаберген жыраудың шығармалары 1984 жылғы «Бес ғасыр жырлайды» атты үш томдықтың бірінші томына енбей қалған екен. Оның себебі белгілі, кеңестік қазақ әдебиетінде оның азаттық күреске толы шығармашылығын насихаттау қауіпті болған. Қазіргі зерттеушілердің айтуынша, жеті бөлімнен тұратын бұл тарихи дастанның қазіргі таңда бір-ақ бөлімі қолда бар көрінеді.

Қорыта келгенде, Қожаберген Толыбайсыншыұлының қазақ тарихында, қазақ әдебиетінде өз орнын алатын уақыты жетті. Бүгінгі бейбіт күннің жастары ретінде – тарих қойнауын аралап, ата тарихымызды саралап, ұлыларымызды даралап, баһадүр бабамыздың жырларын зерттеп кейінгі келер ұрпаққа дәріптеу перзенттік парыз деп білемін.

Пайдаланған дереккөздер:

1. Дауылпаз баба Қожаберген жырау. *Тарихи-танымдық жинақ* /Құраст. А.Тасболатов, Ж.Сүлейменов. – Астана.: Фолиант, 2014. – 376 б.
2. <https://martebe.kz/el-tarihyn-mytyirma-an-n/> Ел тарихын ұмыттырмаған ән
3. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. / Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. — Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.

Аңдатпа: Мақалада тәуелсіздік, ел бірлігі жолында өлшеусіз тер төгіп, күрескен баһадүр бабамыз Қожаберген жыраудың шығу тегі, өмірі жайлы ғылыми зерттеу еңбектерге сүйене отырып мағлұматтар берілді, сондай-ақ жыраудың «Елім-ай» дастанының шығу тарихы, тақырыптық-идеялық тұрғысынан тарихи дерек ретінде қарастырылды.

Кілт сөздер: Қожаберген, жырау, Толыбайұлы, әдебиеттану, тұлғатану, деректер.

Abstract: In different parts of the Kazakh steppe, the creativity of amateur artists is studied, their works are generalized and published. One of such personalities is Kozhabergen zhyrau. Data on amateur performances were constantly found in historical works, cognitive research. This is due to the fact that Kozhabergen zhyrau bore the name Mashhur along with historical figures Khan Abylai, az Tauki. The article systematizes and analyzes the data concerning the life and work of Kozhabergen.